

ЖШС «Er-Asul» «Бал-Бұлақ» балабақшасы

2023-2024 оқу жылының аралық мониторингінің

САРАПТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының аралық мониторингі 2024 жылдың 05 қаңтарындағы №2 хаттама негізіне сәйкес ұсынылған Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымына және 2023-2024 жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу» бөлімінің 1 қосымшасына сәйкес жасалды.

2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингі Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбиешілер мен пән мұғалімдері Стандарт талаптарына сәйкес бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына байланысты бала дамуының 3 деңгейін қарастырады:

- 1) Төмен деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) Орташа деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) Жоғары деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиешілер мен пән мұғалімдері балаларды бақылау, әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, жағдаяттар тәрізді әдістер арқылы мониторинг нәтижелеріне қол жеткізеді.

- Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. Бізде аралық мониторинг 2023 жылдың қаңтар айында 3 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 кіші топ, 1 ортаңғы топ, 1 мектепалды тобы. Балабақша бойынша бала саны – 63.

Осы топтардың жиынтық есебінің пайыздық қорытындысы бойынша:

- Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -55%, олардың ішінде орташа деңгей-37%, олардың ішінде төмен деңгей-10%;

- Коммуникативтік дағдылар бойынша жоғарғы деңгей -47%, олардың ішінде орташа деңгей-34%, олардың ішінде төмен деңгей-19%;
- Танымдық және зияткерлік қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -48%, олардың ішінде орташа деңгей-32%, олардың ішінде төмен деңгей-19%;
- Шығармашылық қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -47%, олардың ішінде орташа деңгей-40%, олардың ішінде төмен деңгей-13%;
- Әлеуметтік-эмоционалды қасиеттерді дамыту бойынша жоғарғы деңгей -48%, олардың ішінде орташа деңгей-37%, олардың ішінде төмен деңгей-15%.

2023-2024 оқу жылының қаңтар айында аралық мониторинг жүргізілді. Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары **ақпан -сәуір** айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарланып отыр.

Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

Балабақша меңгерушісі:

Серікова Ж.М